

Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі

Жібек жолы ауылы мектеп – лицейінің

2023-2024 оқу жылдарының мамыр айында өткен

кезектен тыс педагогикалық кеңесінің

№5 хаттамасы

Күні: 23.05.2024 ж.

Катысқандар:

Себепті:

Уақыты: 17:00

Катыспағандар:

Себепсіз:

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылдарының 4-тоқсан және жылдық қорытынды мониторингісі;
2. 2-4-сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіру, марапаттау;
3. 5-8,10-сынып оқушыларын аралық аттестаттауға жіберу;
4. 9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу
5. Мұғалімдердің еңбек демалыс кестесімен таныстыру
6. «Жаз-2024» мектеп жанындағы лагерь жұмысымен таныстыру;
7. Мектеп алдын көгалдандыру жұмыс кестесімен таныстыру;

Тындалды:

1. Педагогикалық кеңестің бірінші мәселесі бойынша оқу ісінің орынбасары Хакимжанова Кулия Муратхановна 2023-2024 оқу жылдарының 4-тоқсан бойынша білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісімен таныстырды. 4-тоқсан бойынша жалпы 2-11-сыныптар арасындағы білім сапасы 60%, ал жылдық көрсеткіш бойынша 64% көрсеткенін айтты. Сонымен қатар әр сыныптың жеке мониторингіне тоқталып өтті. Атап айтсақ, 2-сыныптар 4-тоқсанда - 72 %, жылдық - 71%, ал 3-сыныптар 4-тоқсанда - 69 %, жылдық - 72 %, 4-сыныптар 4-тоқсанда - 57 %, жылдық - 60%, 5-сыныптар 4-тоқсанда - 63 %, жылдық - 66%, 6-сыныптар 4-тоқсанда - 54 %, жылдық - 62 %, 7-сыныптар 4-тоқсанда - 29 %, жылдық - 39 %, 8-сыныптар 4-тоқсанда - 54 %, жылдық - 62 %, 9-сыныптар 4-тоқсанда - 55 %, жылдық - 64%, 10-сыныптар 4-тоқсанда - 59 %, жылдық - 65%, 11-сыныптар 4-тоқсанда - 100 %, жылдық - 100%. Тоқсандық және жылдық қорытындымен қатар әр

пән бойынша білім сапасына тоқталып өтіп, ең төмен нәтиже көрсетіп тұрган пәндерді ерекше атап, білім сапасына көңіл бөлу керектігін баса ескертті.

2. Екінші мәселе бойынша 2-4-сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіру, марапаттау туралы айтылды. Жоғарыдаға білім сапасының нәтижесі негізінде 2-4-сынып бойынша «Үздік» оқушылардың тізімі, марапатталуы туралы хабарлама беріп өтті. Осы оқу жылының қорытындысы бойынша 2-4-сыныпта білім алған 187 оқушының барлығы келесі сыныпқа көшірілетіндігін хабарлады. Осы оқушылардың ішіндегі үздіктер – 42 оқушыны құрады. 24 мамыр күні 2-4-сыныптарға салтанатты жын ұйымдастырылып, осы жында «үздік» окуды аяқтаған оқушылар марапатталатыны айтылып өтті.

3. Емтиханға жіберу және оқушыларды келесі сыныпқа көшіру педагогикалық кеңестің шешімі нәтижесінде жіберіледі. 5-8,10-сынып оқушыларын аралық аттестаттау бойынша емтихан кестесі мен емтиханға дайындық кестесі құрылып пән мұғалімдеріне таныстырылды. 5-8,10-сынып оқушыларын аралық аттестаттау емтихандары 27-31 мамыр аралығында өтетіндігін айттып өтті. Аралық емтихан 1-ауысымда сағат 09:00-де, 2-ауысымда сағат 14:00-де басталатындығын ескертіп, оқушылардың емтиханға кешікпей келуі сынып жетекшінің жауапкершілігінде екендігін ескертті.

4. Келесі мәселеде 9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу бойынша педагогикалық кеңестің шешімі шығарылды. 9 «а» сыныпта 17 оқушы, 9 «б» сыныпта 5 оқушы, 11 «а» сыныпта 8 оқушы оқиды, педагогикалық кеңестің шешімі бойынша осы оқушылардың барлығы мемлекеттік емтиханға жіберіледі. Мұғалімдерге емтихан кестесі алдын ала таныстырылған, 9-сыныптарда мемлекеттік аттестаттау 29 мамыр мен 10 маусым аралығында өтсе, 11-сыныпта 28 мамыр мен 11 маусым аралығында өтетіндігін хабарлады.

5. Келесі кезекте мұғалімдерге еңбек демалыс кестесі таныстырылды. Кесте бойынша кейбір мұғалімдер 3 маусымнан бастап еңбек демалысына шығатындығы ескертілді. Сонымен қатар еңбек демалысына шығу үшін алдын ала өтініш жазу керектігі ескертілді. Мұғалімдер еңбек демалысы бойынша сұраптарын қойып, әкімшілік тарапынан нақты жауабын алды.

6. Келесі кезекте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каршигина А.Т. «Жаз-2024» мектеп жанындағы лагерь жұмысымен таныстырылды. Жазғы лагердің ұйымдастырылуы туралы жан-жақты түсіндіру жұмысын жүргізді. Биылғы оқу жылында мектеп жанындағы жазғы лагерь 3 ауысымда жұмыс жасайтындығын айттып өтті. Жазғы лагердің жұмысы 3 маусымнан басталатыны хабарланды.

7. Сонымен қатар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каршигина А.Т. мектеп алдын көгалдандыру жұмыс кестесімен таныстыруды. Сынып жетекшілерге оқушылар мен ата-аналарға хабарлау жұмысын жүргізу керектігі ескертілді. Бекітілген кестеге сәйкес уақытында көгалдандыру жұмысын жүргізудің маңыздылығына тоқталып өтті.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. № 5 кенес қаулыларының орындалу жұмыстары жүргізілсін.
2. Оқу жылдарының аяқталуы жақсы деп танылсын. 2-4-сыныптың «үздік» оқушылары марапатталсын.
3. Оқу жыларының аяқтау туралы бұйрықпен таныстырылсын.
4. 5-8, 10-сынып оқушылары аралық емтиханға, 9.11-сынып оқушылары қорытынды емтиханға жіберілсін.
5. Еңбек демалысының кестесіне сәйкес мұғалімдер еңбек демалысына жіберілсін.
6. Жазғы лагерь ұйымдастырылып, жұмыс жоспары бекітілсін.



Кенес төрагасы:

 Д.Т.Иманбалинова

Хатшы:

 Ерлан А.